

۹۸۱۲۷۸

الببلي

الببلي

ӘЛІПБИ

Älīpbī

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындагы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастыруышылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық таныткан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

семиологияны таңбаларды зерттейтін ғылым ретінде атай отырып, лингвистиканы семиологияның белгі деп қарастырды.

Сөз ағымы – мағыналық қатынастағы сөздер тобы және сол арқылы берілетін ой желісі. С.а. дұрыс дыбысталип, бөліктеге дұрыс бөлінуі тиіс. С.а. мүшелеуде тыныстау заңдылықтары да ерекше рөл атқарады. С.а. ырғақпен байланысты да қарастырылады. Зерттеушілер сөз ағымының бірнеше бірліктерін атап көрсетеді: 1/бунакты сөз немесе фонетикалық сөз; 2/ыргакты топ; 3/синтагма; 4/сөйлем. Бұл бірліктерді ажыратуда екпін мен кідірістің қызметі ерекше көрінеді. Сонымен қатар С.а. топтарды бір-бірімен байланыстыруда интонацияның әуен, қарқын, дауыс қаттылығы (интенсивтілік) секілді компоненттері де қатысады. С.а. синтагма, сөйлем кідіріс арқылы ерекшеленіп, «кос таяқшамен» // таңбаланса, ыргакты топ «доға» таңбасымен бірігеді.

Сөз просодикасы – сөз құрылымына сөздік екпін, тон және сингармонизм жатады; морфологиялық құрылым көпарылмалы, жадағай және жалғамалы болып жіктеледі.

Сөздік екпін – сөз құрамындағы бір буынның басым айтылуы, унді-европа тілдеріне (орыс) тән фонологиялық бірлік, сөз мағанасын өзгертіп те отырады: *за'mok-* 'замок' т.б.

Сөздің аяғы – сөздің соңы. Фалым жүрнак сөз соңындағы дыбыстарға қарай жалғанатынын ескертеді: *Жүрнак* «ма». Бұл жүрнак түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса яки «р», «л» болса, осы «ма» күйінде жалғасады. Мыс., *сана* – *санама*, *тасы* – *тасыма*, *ту* – *тума*, *сау* – *саума*, *жай* – *жайма*, *қыр* – *қырма*, *сал* – *салма*. Түбір сөздің аяғы үяң дыбыс болса, «ма» орнына «ба» болып жалғасады. Мыс., *жаз* – *жазба*, *оң* – *оңба*, *жон* – *жонба*. Түбір сөздің аяғы қатаң болса, «ма» орнына «па» болып жалғасады. Мыс., *бас* – *баспа*, *ат* – *атпа*, *ақ* – *ақпа*, *жас* – *жаппа*, *аш* – *ашпа*.

Сөздің тұлғасы – сөздің бітімі, жеке күйіндегі тұрпаты, басқа сөздердің ықпалына ұшырамай, жеделдік, тұтастық жоқ кездегі қалпы. Мыс., «Тұрганбай», «Қара-көз», «Сылаң қызы» т.с.с. А.Байтұрсынұлы С.т. мен тұрпаты бірдей болмайтынын ескерте келіп: «Тұлғасы бірдей сөздердің тұрпattary басқа болуы мүмкін. Мыс., «Тұрганбай» – «Тұргамбай» деген сөздердің тұлғалары бірдей, тұрпattary бірдей емес», – деп жазады. Мұндай орында айтылудың дұрыс-бұрысына қарau керектігін ескертеді. Дұрысы – «Тұргамбай» емес, «Тұрганбай». Сондықтан жазғанда «Тұрганбай» деп дұрыс тұрпатымен жазамыз.

Сөздің тұрпаты – басқа сөздермен тіркескен қалпында, қос сөздерде, қосарлап айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасуынан болатын сөздің өзгерісі. Фалым қос сөздерде, қосарлап айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасуынан болатын тұрпат өзгерісіне қарамай, жеделдік, тұтастық жоқ жеке күйіндегі тұрпатымен жазу керектігін ескертеді. Мыс., «жүг-аяқ» деген сөзді